

**"Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 07 қазандағы № 10-893 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 06 қарашада № 3532 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі № 9-1435 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 19.09.2016 № 9-1435 қаулысымен.**

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Қарасай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Жамбыл ауылдық округінің әкімі Марат Ақшолпан Қайратқызына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурсында және аудандық әкімдіктің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Тынышбай Нұрлан Төленұлына жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің м.а.*

*Н.Жұмәділ*

Қарасай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 07 қазандағы №10-893 қаулысымен бекітілген қосымша

**"Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты"**

**мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

## 1. Жалпы ережелер

1. "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің өкімдері мен шешімдері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 040914, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы Қарасай ауданының, Жамбыл ауылы, Д. Донбаев көшесі, № 16.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Қарасай ауданының Жамбылауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге

асырылады.

12. "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі аумағында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

14. Міндеті:

Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

15. Функциялары:

- 1) өз құзыреті шегінде жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру;
- 2) шаруа немесе фермер қожалықтарын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдесу;
- 3) тарихи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- 4) табысы аз адамдарды анықтау, жоғары тұрған органдарға еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсыныс енгізу, жалғыздікті қарттарға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді ұйымдастыру;
- 5) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету және өзге де әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету;
- 6) қоғамдық жұмыстарды, жастар практикасын және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру;
- 7) жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына жәрдемдесу;
- 8) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау;
- 9) шаруашылықтар бойынша есепке алуды жүзеге асыру;
- 10) кәсіпқой емес медиаторлардың тізілімін жүргізу;

11) елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

12) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметіне қажетті ақпаратты заңнамада белгіленген тәртіппен сұрату және алу;

2) оперативті басқару құқығына қарасты мүліктерді пайдалануды жүзеге асыру;

3) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

17. "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын әкім жүзеге асырады.

18. Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округінің әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

19. Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің орынбасарлары жоқ

20. Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің өкілеттігі:

1) "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін өз құзыреті шегінде айқындайды;

2) "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және босатады;

3) "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін заңнамада белгіленген тәртіппен ынталандырады және тәртіптік жазалар қолданады;

4) өз құзыреті шегінде шешімдер мен өкімдер шығарады;

5) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда өз құзыреті шегінде "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;

6) "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді, сол үшін жеке жауапкершілік алуды белгілейді;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округінің әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. "Қарасай ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.